

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін рейтинг анықтау шарттары мен ең аз рейтинг туралы және рейтинг агенттіктерінің тізбесін бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 86 қаулысына өзгеріс пен толықтыруды енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 19 қазан N 414 Қазақстан Республикасы Әділет басқармасында 2001 жылғы 30 қараша тіркелді. Тіркеу N 1688. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 384 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 29 қазандағы N 384 қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында және сақтандыру қызметінің дүниежүзілік рыногындағы өзгерістерді назарға ала отырып, сондай-ақ Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаментінің ұсынысын қарап, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін рейтинг анықтау шарттары мен ең аз рейтинг туралы және рейтинг агенттіктерінің тізбесін бекіту туралы" 2001 жылғы 31 наурыздағы N 86 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) N 1 қосымша мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

5. "Эксперт-РА" Ресейлік рейтинг агенттігі";

2) N 2 қосымшаның 2-тармағындағы:

"BBB"-дан ("Standard & Poors" жіктеуі бойынша) төмен болмауға" деген сөздер "BBB+"-дан ("Standard & Poors" жіктеуі бойынша) төмен болмауға, немесе "A++"-дан ("Эксперт-РА" Ресейлік рейтинг агенттігінің жіктеуі бойынша) төмен болмауға" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу

ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін кү ш і н е е н е д і .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК